

Астрахан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 8С-31-6 "Каменка ауылының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 8С-42-6 шешімі

Астрахан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Астрахан аудандық мәслихатының "Каменка ауылының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы" 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 8С-31-6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 205400 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Каменка ауылының 2025 – 2027 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 23791 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 3570 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 20221 мың теңге;

2) шығындар – 24355,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -564,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 564,8 мың теңге.

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы, осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан аудандық мәслихатының төрағасы

М.Қожахмет

Астрахан аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 30 қыркүйектегі
№8С-42-6 шешіміне
1 қосымша

Астрахан аудандық
мәслихатының
2024 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 8С-31-6 шешіміне
1 қосымша

2025 жылға арналған Каменка ауылының бюджеті

Санаты				Сума, мың теңге
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I. КІРІСТЕР	23791
1			Салықтық түсімдер	3570
	01		Табыс салығы	911,2
		2	Жеке табыс салығы	911,2
	04		Меншікке салынатын салықтар	2658,8
		1	Мүлікке салынатын салықтар	33,7
		3	Жер салығы	4
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2363,2
		5	Бірыңғай жер салығы	206,9
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	51
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	51
4			Трансферттердің түсімдері	20221
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	20221
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	20221

Функционалдық топ				Сом, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			II. ШЫҒЫНДАР	24355,8
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	22336
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	22336
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22336
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1019,8
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	1019,8
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1019,8
12			Көлік және коммуникация	1000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	1000
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1000
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0

		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		V. Бюджет тапшылығы (профицит)	(- 564,8
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	(564,8